ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ "ТАРАЗ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БӨЛІМІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Шығыс № 01-119
«02» 07 2025 ж.

«ЕрНурЖан Курылыс-2010» ЖШС
Жамбыл облысы,
Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 42А

Тараз қаласы әкімдігінің мемлекеттік сатып алу бөлімінің шағымдарын қарауға жауапты құрылымдық бөлімше (бұдан әрі-лауазымды тұлға), Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 09.10.2024 ж. №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 590 - тармағына сәйкес, осы мемлекеттік сатып алуға қатысушы «ЕрНурЖан Курылыс-2010» ЖШС-нің (бұдан әрі – өтініш беруші) № 14895732-1, лоттар № 78941585-ОК1, 78512296-ОК1 «Конкурстық құжаттамаға сәйкес көшелерді орташа жөндеу жұмыстарын сатып алу» бойынша конкурсының қорытындысына мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы келіп түскен 27.06.2025 ж. № 262129 тіркелген шағымды қарап, келесідей хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 95-бабы 1-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, шағымды қарайтын орган, егер шағымды қарайтын орган арыз иесінен шағымды кері қайтарып алуды қабылдаған болса, шағымды қараусыз қалдырады.

Азаматтардың өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасына (e-Otinish) 2025 жылғы 02 шілдедегі № ЗТ-2025-02212643 нөмірімен тіркелген өтініш берушінің ЭМС веб-порталында берілген шағымды қараусыз қалдыру туралы өтініші келіп түсті, осыған байланысты шағым қараусыз қалдыруға жатады.

Осы шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының (әрі қарай - Заң) 25-бабының 3-тармағына сәйкес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) сотқа шағымдануға құқығыңыз бар.

Бұл ретте, Заңның 25-бабының 6-тармағына сәйкес дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылады.

Бөлім басшысы **Г. Мульдеков**

Орын.: А. Курманалиева
Тел.: 45 00 40